

Сөрелік нөмір

Спорттық іс-шараның атауы

«Бірінші болу – батылдық» КҚ
(Халықаралық жүгіру жарысын ұйымдастырушыға)

ҚОЛХАТ
(өз қолымен толтырылады)

Мен, _____
(толық аты-жөнін көрсету керек)
ЖСН _____, жеке басын куәландыратын құжат: (жеке куәлік, тұруға ықтиярхат, төлқұжат) (керегінің астын сызу керек)
№ _____, (берілген күнін және берген мекемесін көрсету керек)
« _____ » _____ ж., _____
тарапынан берілген, «Бірінші болу – батылдық» КҚ (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы») ұйымдастыратын, 2026 жылғы « _____ » _____
өткізілетін « _____ » 2026 (қашықтық: _____)
жүгіру жарысына (бұдан әрі – «Жарыс») қатысуға келісімімді беремін.

Осы арқылы, мен:

- 1) Ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/> сайтында (бұдан әрі – «Сайт») орналастырылған Жарысты өткізу туралы Қағидамен танысқандығымды растаймын және оны сақтауға толықтай келісемін;
- 2) дәрігерде медициналық куәландырудан өткенімді және жарысқа қатысуға қарсы көрсетімдерім жоқ екенін растаймын және жарыс өткізілетін күнге/жарыс өткізілетін күнге өз денсаулығым нашарлаған жағдайда жарысқа қатыспауға міндеттенемін;
- 3) Жарыстың күрделілігін ұғынамын және түсінемін және менің берілген жарыс қашықтығынан өтуім кезінде техникалық білімім мен тәжірибем жеткілікті екенін және мен жарысқа қатысу үшін физикалық және ақыл-ой жағынан дайын екенімді мәлімдеймін
- 4) Жарысқа қатысуым нәтижесінде денсаулығымға қолайлы салдардың туындай алуын түсінемін, жеке қауіпсіздігім мен денсаулығым үшін жауапкершілікті өзім тартамын.
- 5) Мен растаймын, келісемін және мәлімдеймін: Ұйымдастырушы менің өліміме, жарақат алуыма және/немесе Жарысқа қатысушы ретінде денсаулығымға келтірілген кез келген өзге де зиянға, сондай-ақ менің мүлкімнің жоғалуы немесе бүлінуіне, дене жағдайымның кез келген бұзылуына (нақты немесе ықтимал денсаулықтың нашарлауына) байланысты жауапкершілікке тартылмайды. Осыған байланысты мен өз еркіммен және саналы түрде Ұйымдастырушыға (оның қызметкерлеріне) және Жарыстың демеушілеріне қандай да бір материалдық немесе өзге де талаптар мен шағымдар қою құқығымнан бас тартамын. Аталған талаптардан бас тарту ешқандай шартсыз және түпкілікті сипатқа ие болып, менің өзіме, мұрагерлеріме, қамқоршыларыма, өкілдеріме және құқықтық мұрагерлеріме тарайды және Сайыс басталғанға дейін, Жарыс кезінде және Жарыс аяқталғаннан кейін де, дайындық шараларын қоса алғанда, өз күшінде қалады. Бұл талаптан бас тарту Ұйымдастырушының (оның қызметкерлерінің) және демеушілердің кінәсіне қарамастан өз күшін сақтайды.;
- 6) Жарыс кезінде ешқашан және қандай да болмасын жағдайларда басқа қатысушыларға, ұйымдастырушыға және демеушілерге, бөгде тұлғаларға, сондай-ақ олардың мүлкіне зиян келтіруі мүмкін жағдайларды қасақана жасамайтынымды растаймын;
- 7) Ұйымдастырушының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтауы мақсатында, Жарысқа қатысуымды тіркеу үшін:
- Ұйымдастыру комитетінің сұрау салуы бойынша осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын

құжаттарды ұсынуға келісемін;

- Ұйымдастырушының сайтында Жарысқа қатысу үшін тіркеу нысанын толтыра отырып және Ұйымдастырушыға осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды ұсына отырып, жарысқа қатысу үшін менің тіркеуді қамтамасыз ету мақсатында ғана Жарыс Ұйымдастырушысына берілетін менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, пайдалануға және сақтауға өз келісімімді беремін;

8) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 15-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, «Бірінші болу – батылдық» КҚ спорттық іс-шараларын, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін танымал ету мақсатында төмендегілерге өз келісімімді беремін:

- Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалардың жарысқа қатысу барысында менің бейнеме (фотосурет және/немесе бейнеролик) бейне және фототүсірілімді жүзеге асыруына;

- Жарыс шеңберінде алынған менің атымды және бейнемді пайдалануға, сондай-ақ жариялау, қайта өндіру, тарату және менің бейнемді және/немесе Жарыс барысында алынған өзге де аудио-, видео-, фото материалдарды кез келген тәсілмен және кез келген құралдармен мерзіміне және қолданылу аумағына шектеусіз пайдалануға Организаторға келісім беремін.

Бұл материалдарды интернет желісінде, Организатордың ресми ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында орналастауға, сондай-ақ спортты және қайырымдылық бастамаларын ілгерілетуге бағытталған жарнамалық, ақпараттық, әлеуметтік және өзге де мақсаттарда пайдалануға рұқсат етемін.

9) Алдын ала және сөзсіз түрде Өз ұйымдастырушыға үшінші тұлғалар тарапынан менің бейнемді заңсыз пайдалану жағдайында менің құқықтарым мен заңды мүдделерімді қорғау үшін өз қалауынша менің атымнан әрекет етуге келісім мен өкілеттік беремін, оған мыналар кіреді:

- бұзушылықтарды тоқтату туралы талаптар мен шағымдарды жолдау;
- сотқа және өзге де уәкілетті органдарға жүгіну;
- заңсыз контентті жоюды, сондай-ақ заңсыз орналастырылған бейнелер мен материалдарды (жарияланымдарды) бұғаттауды талап ету;
- өтемақы өндіріп алу, оның ішінде моральдық зиянды өтеу.

Ұйымдастырушы әрбір жағдайда аталған шараларды қолдануға **міндетті емес** және олардың қажеттілігі мен көлемін өз бетінше анықтайды. Осы келісімді берген Жарыс қатысушысы Ұйымдастырушы аталған шараларды қолданбаған жағдайда оған қандай да бір талап қоюға құқылы емес.

Осы тармаққа сәйкес берілген келісім менің тікелей ерік білдіруім болып табылады, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы шеңберінде дербес құқықтық негізге ие және мерзімсіз, өтеусіз негізде берілген.

10) Осы қолхатқа қол қою кезінде есірткілік, уытқұмарлық, алкогольді мас күйде болмағанымды, денсаулық жағдайым бойынша құқықтарымды жүзеге асыра және қорғай алатынымды және міндеттерімді орындай алатынымды, қол қоятын құжаттың мәнін түсінуіме кедергі жасайтын ауруларға шалдықпағанымды растаймын, сондай-ақ жаңылысу, алдау, зорлық жасау, қорқыту, арам ниетті келісу немесе ауыр жағдайлардың тоғысуы ықпалында еместігімді растаймын.

11) Өз қолымен жазылмаған қолхат үшін Ұйымдастырушы жауапты бермейді

12) Ықтимал қателіктерден немесе дәйексіз деректерден туындайтын барлық тәуекелдер толықтай қатысушыға жүктеледі.

13) Қолхатқа үшінші тұлғалардың қол қоюы, сондай-ақ дәйексіз дербес деректерді беруі тіркелу жарнасын қайтармай, Жарысқа қатыстырудан бас тартуға негіз бола алады.

Осы құжаттың мәтінін мен дербес оқыдым, мазмұны менің нақты мақсаттарым мен ниетіме сәйкес келеді, құжаттың мәні мен құжаттың заңдық салдары маған түсінікті.

Қолхат жасалған күн: « ____ » _____ 2026 ж.

Қолы: _____